



“№8 жалпы білім беретін мектеп” КММ

ТАҚЫРЫБЫ:

«Мектептегі бала құқығы мен міндеті»

Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, өз ойын ашық түрде жеткізе білуге үйрету, ұстамдылыққа, мәдениетті сөйлеуге бағыттау, өзіндік пікірін еркін ортаға сала білуге кеңес беру

«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

№ хаттама

Күні: 11.09.2023ж

Қатысқандар: Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі аға УПИ полиция майоры
М.Камалов, Д.Жаксыбай, ДТДЖО К.Доспаева, педагог-психолог М.Бекзатова, әлеуметтік педагог А.Ермаханова, 6-11 сынып оқушылары.

Тақырыбы: «Мектептегі бала құқығы мен міндеті»

Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, өз ойын ашық түрде жеткізе білуге үйрету, ұстамдылыққа, мәдениетті сөйлеуге бағыттау, өзіндік пікірін еркін ортаға сала білуге кеңес беру.

Күн тәртібінде:

1. Оқушы құқықтары мен міндеттерін таныстыру
2. Бейнебаян көрсету және оны талдау, қорытындылау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша К.Доспаева бүгінгі тақырыпқа байланысты өткізілген іс-шараға өз пікірін айтып, педагог-психолог М.Бекзатова мен әлеуметтік педагог А.Ермаханованың өткізген тренингіне өзінің оң бағасын берді. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі аға УПИ полиция майоры М.Камалов, Д.Жаксыбай мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттерін таныстыра отырып, оның ішінде кешкі сағат 22:00 кейін ата-анасыз жүруге, ата-ананың рұқсатынсыз көлік, мотоцикл жүргізуге тиым салынғандығы айтылды. Рейдтік жұмыстар кезінде сағат 22:00 кейін оқушы ата-анасыз жүрсе, ата-анаға салынатын айыппұл көлемімен таныстырды. Сонымен қатар мектептің ДТДЖО К.Доспаева мектептегі ішкі тәртіп ережелерімен таныстырып шықты. Әлеуметтік педагог А.Ермаханова оқушы құқығы бұзылған жағдайда 111 сымтетік номеріне хабарласуды немесе сенім жәшігіне ақтар хат тастауға болатынын айтты.

Екінші мәселеде мектеп психологы М.Бекзатова бейнебаян көрсетіп «қиын жағдайлардан не үйренеміз» жаттығуын жасатты. Оқушылардың ойымен бөлісіп, кеңестер берді. Топтық жұмыс жүргізіліп, оқушылар түс таңдап төмендегі топтарға бөлінді. Бірінші топ: Өз құқығыңды біл! Екінші топ: Анти буллинг! Үшінші топ: Қауіпсіздік ережелерін сақта! Төртінші топ: Біз бақытты баламыз! Оқушылар белсенді ат салысып, пікірлерін білдіріп, қорғады.

Шешім:

1. «Мектептегі бала құқығы мен міндеті» тақырыбындағы тренинг қанағаттарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың беймезгіл уақытта ата-анасыз жүруге және көлік, мотоцикл жүргізуге тиым салынсын.
3. Мектептегі ішкі тәртіп ережелері сақталынсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



К.Доспаева

М.Бекзатова



«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

“БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛИНГ”

АТА-АНАЛАРМЕН ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫС



«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Х а т т а м а

Мектеп оқушыларының, жалпы жасөспірімдер арасында болатын құқық бұзушылықтың, зорлық – зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу бойынша ата-аналар арасында өткен жиыналыс

Өткен уақыты: 31.10.2023 ж.

Қатысқандар: ДТДКО К.Доспаева, Педагог-психолог М.Бекзатова, 5-11 сынып ата-аналары.

Барлық ата-ана :20

Қатысқан мұғалімдер: 5

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу.
2. Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау?

Тыңдалды:

Бірінші сәселе бойынша ДТДКО К.Доспаева Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни тұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу қажет болып табылады. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тәни азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тәни азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін. Нашакорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді. Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылықтардан, яғни зорлық- зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады,отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді.Біздің мектебімізде оқушылар арасында бір-біріне әлімжеттік көрсету, зорлық-зомбылық көрсету бар ма? Зорлық деген сөздің астарында ұрлау, балалар өлімі, дәстүрлі тәжірибеге байланысты жарақат алу, сондай – ақ жыныстық, психикалық және тұлғалық балаларға қатысты тәртіп шаралары сияқты тұлғалық жазалауды қосқанда қиянат жасау түсінігі жатыр. Конвенцияда балаларға қатысты зорлықтың қандай да түрі болсын, қай жерде болсын ешқандай ақтала алмайды делінген. Зорлық көрген балалар көбінесе тамақтанбайды да түрлі ауруларға ұшырайды, мектепте нашар оқиды, өзін – өзі бағалауы төмен болады. Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты зорлық көрсету адам құқықтарының бұзылғандығын білдіреді..

Келесі мәселеде мектеп психологы М.Бекзатова сөз алып, көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп калуға тырысу, ертерек қашып

кетуге сөмкенді дайындау, тиісті құжаттарынмен бірге, көрші – көлемдерімен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау. Қылмыстың бір түрі – балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады. Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Барлық қылмыстардың ішінде ең ауыры зорлау болып табылады. Көп жағдайда милицияға ол туралы хабарлай алмайды, себебі білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді. Сондықтан балаға мынаны түсіндірген жөн: - Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек; - Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет; - Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

Ал ата-аналарға: - Балаға сеніңіз, сонда ол сізге барлық шындығын айтуды үйренеді;

- Дұрыс тәрбие балаға болашаққа деген сеніммен қарауға және қауіп-қатерді тез білуге үйретеді; - Тәрбиеші мен репетиторды жалдағанда өте мұқият болған жөн, себебі сіз баланың басқа адамның тәрбиесіне бергелі отырсыз;

- Егер сіз балаға қатыгездікпен қарау жағдайларын естігін болсаңыз немесе көрген болсаңыз бірден тиісті органдарға хабарлаңыз.

Шешім:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары күшейтілсін.
2. Зорлық – зомбылыққа душар болған жағдайда «Сенім телефоны», «Сенім жәнігі», ««III»» ақпараттық қызметінің қызметін пайдалану.
3. Бөгде адамдармен қарым – қатынас жасауды басты назарда ұстау.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



К.Доспаева

М.Бекзатова

ТРЕНИНГ ТАҚЫРЫБЫ:



**«ҚАТЫГЕЗДІКСІЗ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ»**



«№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Х а т т а м а

Қатысқандар: ДТЖО К.Доспаева, педагог-психолог М.Бекзатова, тәлімгер М.Абдраманова, 5 сынып жетекшісі Н.Абдиева, 5 сынып оқушылары.

Тренинг тақырыбы: Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

Мақсаты: Мектеп оқушыларының жалпы жасөспірімдер арасында болатын қатыгездік және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 5 сынып оқушылары арасында өткен тренинг.

Өткен уақыты: 09.11.2023 ж.

Барлығы оқушы: 22

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқық бұзушылықтың алдын алу.
2. Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау?

Тыңдалды:

Бірінші мәселеде ДТЖО К.Доспаева Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігін айтты. Мектебімізде оқушылар арасында бір-біріне әлімжеттік көрсету, зорлық-зомбылық көрсету бар ма? Зорлық деген сөздің астарында ұрлу, балалар өлімі, дәстүрлі тәжірибеге байланысты жарияқат алу, сондай – ақ жыныстық, психикалық және тұлғалық балаларға қатысты тәртіп шаралары сәйкесті тұлғалық жазалауды қосқанда кінәніт жасау түсінігі жатыр. Конвенцияда балаларға қатысты зорлықтың қандай да түрі болсын, қай жерде болсын ешқандай акция алмайды делінген. Зорлық көрген балалар көбінесе тамақтанбайды да түрлі ауруларға ұшырайды, мектепте нашар оқиды, өзін – өзі бағалауы төмен болатынын айтып өтті. Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты зорлық көрсету адам құқықтарының бұзылғандығын білдіретінін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша, психолог М.Бекзатова тренинг өтіп, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қашып кетуге сәмкенді дайындау, тиісті құжаттарынмен бірге, көрші – көземдерімен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау. Қылмыстың бір түрі – балаға зорлық көрсету. Озырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады. Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуы түсіндіріп, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет; -Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйретті.

Шешім етеді :

1. Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары күшейтілсін.
2. Зорлық – зомбылыққа душар болған жағдайда «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі», «111» ақпараттық қызметінің қызметін пайдалану
3. Бөтпе адамдармен қарым – қатынас жасауды басты назарда ұстау.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



К.Доспаева

М.Бекзатова

«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»

(5 сынып оқушылары)



Тақырыбы: Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ.

Күні: 9.11.2023ж

Сынып: 7

Максаты:

Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту.

Оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Әдісі: түсіндіру, пікірталас

Барысы.

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Негізгі бөлім.

Кіріспе әңгіме.

Қоғам үшін ең бастысы - тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы.

Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді.

Суретпен жұмыс.

Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген.

- Сенің ойыңша бақытты отбасы деген не? Қалай ойлайсыңдар? Бақытты отбасы болу үшін не қажет?

Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен қазақ халқының дана сөзі бар: «Әйел адамға рухы әлсіз ер адам ғана көтереді». «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Тәрбиеге әсер беретін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтырады. Отбасындағы ата-ананың мінез-

құлқы баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Нашакорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді.

Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылықтардан, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу.

- Салауатты өмір сүру үшін қандай жаман әдеттерден аулақ болуымыз керек? Жаман әдеттердің бізге тигізер зияны қандай?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобаларының жұмыстарын іске асыру жоспарының 29 пунктіне сәйкес 2004 жылдың 13-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Премьер министрінің тағайындауымен «Тұрмыстық зомбылыққа қарсы әрекет ету туралы» заң жобасы әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаттары

- Адамның қызығушылығын, бостандығын, заңды құқықтарын қорғауға, кепілдеме беруді көтермелеу.

- Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықты төмендету жөнінде тиімді шаралар қабылдау.

- Тұрмыстық зомбылықтың алдын алудың көп деңгейлі жүйесін жүргізу.

Аталған заңды қабылдау – отбасылық тұрмыстық қатынастардағы азаматтардың қызығушылықтарын және бостандықтарын, құқықтарын қорғаудағы тиімділікті арттыру, осы саладағы құқық бұзушылықтың деңгейін төмендету.

Қорытынды.

Зорлық-зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қатар, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Бүгінгі күн отбасына қатысты мемлекеттік саясаттың бейнесі болатын және оның қызмет аясы мен қорғауының құқықтық кепілдіктерін ұлғайтатын осындай калыптағы заңдарды қабылдау қажеттілігі туды.

Зорлық-зомбылықпен табысты күресу үшін бірінші кезекте осы мәселеге қоғамның көзқарасын өзгерту керек.

Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу – бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті.

«№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Хиттама

Қатысқандар: ДТЖО К.Доспаева, педагог-психолог М.Бекзатова, 7 сынып оқушылары.

Тренинг тақырыбы: Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

Мақсаты: Мектеп оқушыларының, жалпы жасөспірімдер арасында болатын қатыгездік және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 7 сынып оқушылары арасында өткен тренинг.

Өткен уақыты: 09.11.2023 ж.

Барлығы оқушы: 23

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық –зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқық бұзушылықтың алдын алу.
2. Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау?

Тыңдалды:

Бірінші мәселеде ДТЖО К.Доспаева Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігін айтты. Мектебімізде оқушылар арасында бір-біріне әлімжеттік көрсету, зорлық-зомбылық көрсету бар ма? Зорлық деген сөздің астарында ұрлау, балалар өлімі, дәстүрлі тәжірибеге байланысты жарақат алу, сондай – ақ жыныстық, психикалық және тұлғалық базаларға қатысты тәртіп шаралары сияқты тұлғалық жазалауды қосқанда қиынат жасау түсінігі жатыр. Конвенцияда балаларға қатысты зорлықтың қандай да түрі болсын, қай жерде болсын ешқандай актала алмайды делінген. Зорлық көрген балалар көбінесе тамақтанбайды да түрлі ауруларға ұшырайды, мектепте нашар оқиды, өзін – өзі бағалауы төмен болатынын айтып өтті. Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты зорлық көрсету адам құқықтарының бұзылғандығын білдіретінін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша, психолог М.Бекзатова тренинг өтіп, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қапып кетуге сәмкөнді дайындау, тиісті құжаттарынмен бірге, көрші – көлемдерімен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау. Қылмыстың бір түрі– балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады. Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуды түсіндіріп, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет. -Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйретті.

Шешім :

1. Жасөспірімдер арасында зорлық –зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары күшейтілсін.
2. Зорлық – зомбылыққа душар болған жағдайда «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі», «112» ақпараттық қызметі жұмыс жасайтыны ескертілсін.

Жиналыс төрайымы:  К.Доспаева

Хатшы:  М.Бекзатова

«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»

(7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ)



«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ
**«Жасөспірімдер арасындағы криминогендік жағдай мен
буллингтің алдын-алу бойынша іс-шара**



«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Хаттама

Күні: 12.12.2023ж

Қатысқандар: Төлеби АП ЖПҚБЮПТ полиция аға лейтенанты Амиров С.Қ., Төлеби АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция лейтенант Д.Жанабай, Төлеби АП ЖПҚБЮПТ полиция капитан Ж.Жалғасбай, Төлеби АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция лейтенанты Б.Өмірсеріков, ДТДЖО К.Доспаева, педагог-психолог М.Бекзатова, АӘД маманы Б. Абдиев, сынып жетекшілері, 1-11 сынып оқушылары.

Жұмыстың мақсаты: Буллингті және криминогендік жағдайға байланысты профилактикалық алдын алу жұмыстары соңғы кездері балалар арасында таралған Ресейлік өнім «Слова пацана, Кровь на асфальте» атты телехикаясына еліктеуден бас тарту.

Күн тәртібінде:

1. Ресейлік өнім «Слова пацана, Кровь на асфальте» атты телехикаясына еліктеуден бас тарту.
2. Бейнебаян көрсету және оны талдау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Төлеби АП ЖПҚБЮПТ полиция капитан Ж.Жалғасбай соңғы кездері жастар арасында таралған Ресейлік өнім «Слова пацана, Кровь на асфальте» атты телехикаясына еліктеуден бас тарту. Телехикая жастардың қызығушылығы артып, кейіпкерлеріне еліктеуге тырысып, күштерін көшедегі төбелестерге сынай бастаған. Әлеуметтік желілерде Алматы облысы, Іле ауданы, Жапек батыр ауылында мектеп оқушыларының арасында орын алған жаппай төбелестің бейнежазбасы таралып жатқандығын баяндады. Бұндай іс-әрекет кәзіргі қоғамға және ұлттық құндылықтарымызға жат қылық екенін атап айтты.

Төлеби АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция лейтенант Д.Жанабай бүгінгі тақырыпқа байланысты өткізілген іс-шараға өз пікірін айтып, мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттерін таныстыра отырып, оның ішінде кешкі сағат 22:00 кейін ата-анасыз жүруге, ата-ананың рұқсатынсыз көлік, мотоцикл жүргізуге тиым салынғандығы айтылды. Рейдтік жұмыстар кезінде сағат 22:00 кейін оқушы ата-анасыз жүрсе, ата-анаға салынатын айыппұл көлемімен таныстырды. Сонымен қатар мектептің ДТДЖО К.Доспаева мектептегі құқықбұзушылыққа жол берген жасөспірімді немесе оның ата-анасын заңмен көрсетілген жауаптылыққа тарту қамтамасыз етілгені айтылды.

Екінші мәселеде мектеп психологы М.Бекзатова бейнебаян көрсетіп, оқушылармен пікір алмасты.

Шешім:

1. Ресейлік өнім «Слова пацана, Кровь на асфальте» телехикаясын көруге тиым салынсын.
2. Оқушылардың беймезгіл уақытта ата-анасыз жүруге және топтасып құқықбұзушылық жол берілген жасөспірімдердің ата-аналарына жауапқа тарту қолға алынсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

К.Доспаева

М.Бекзатова

«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

МЕКТЕПТЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

(7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ)



«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Хаттама

Күні: 13.02.2024ж

Қатысқандар: ДТДЖО К.Доспаева, педагог-психолог М.Бекзатова, әлеуметтік педагог Г.Ояева, Н.Айтпаева, 7 сынып оқушылары.

Тақырыбы: «Мектептегі мінез құлық ережелері»

Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, мінез-құлық әдептері, мәдениетті сөйлеуге бағыттау, өзіндік пікірін еркін ортаға сала білуге үйрету.

Күн тәртібінде:

1. Оқушы құқықтары мен міндеттерін таныстыру
2. Бейнебаян көрсету және постер қорғау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша К.Доспаева бүгінгі тақырыпқа байланысты өткізілген іс-шараға өз пікірін айтып, педагог-психолог М.Бекзатова мен әлеуметтік педагог Н.Айтпаеваның өткізген тренингіне өзінің оң бағасын берді. Сонымен қатар мектептің ДТДЖО К.Доспаева мектептегі ішкі тәртіп ережелерін қайталап таныстырып шықты. Буллинг немесе кибербуллинг мектеп оқушыларына жат әдет екенін және әлсіз адамның ісі екенін түсіндірді. Әлеуметтік педагог Н.Айтпаева оқушы құқығы бұзылған жағдайда ІІІ сымтетік номеріне хабарласуды немесе сенім жәшігіне ақпар хат тастауға болатынын айтты.

Екінші мәселеде мектеп психологы М.Бекзатова бейнебаян көрсеті. Оқушыларды топқа бөліп. Оқушылардың ойымен бөлісіп, кенестер берді. Топтық жұмыс жүргізіліп, оқушылар түс таңдап төмендегі топтарға бөлінді.

Бірінші топ: Өз құқығыңды біл!

Екінші топ: Буллинг!

Үшінші топ: Қауіпсіздік ережелерін сақта!

Төртінші топ: Мектептегі бала міндеті! Оқушылар белсенді ат салысып, постер қорғады.

Шешім:

1. «Мектептегі мінез құлық ережелері» тақырыбындағы тренинг қанағаттарлық деп танылсын.
2. Мектептегі ішкі тәртіп ережелері сақталынсын.

Жиналыс төрайымы:  К.Доспаева

Хатшы:  М.Бекзатова

«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

**ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ
ОРАМАЛ ТАҒУДЫҢ АЛДЫН АЛУ**



«№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Хаттама

Күні: 26.02.2024 жыл

Тақырыбы: Діни экстремизм мен орамал тағудың алдын алу.

Мақсаты: экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру; Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, діни ой-санасын дұрыс қалыптастыруға бағыттау.

Қатысқандар: ДТДЖО, мектеп психологы, 6 сынып оқушылары.

Күн тәртібінде:

1. «Діни экстремизм мен орамал тағудың алдын алу» тренинг

Тыңдалды:

Бірінші мәселеде психолог М.Бекзатова біздің еліміздегі дін саласындағы өзекті мәселелердің бірі деструктивті идеологиялардың таралуы болып табылады. Деструктивті діни ағымдар азаматтарымыздың құқықтарын бұзатын, оларға психологиялық әліс-тәсілдерді қолдана отырып, зиянын тигізетін ағымдар. Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары профилактика және мақсатты реабилитациялау сияқты негізгі екі бағытта жүргізіліп келеді. Қазіргі кездегі әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіріп отырған ғаламдық мәселе — діни экстремизм мен терроризм. Сондықтан жасөспірім жастардың бойында экстремизм мен терроризмге қарсы тұру имуннитетін дамыту, азаматтық қоғамға сай әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру — басты міндеттердің бірі саналатынын айтты. Жасөспірімдерге теріс пиғылды діни ағымдардың алдын алу туралы терең түсінік беру. Сондай-ақ жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін түсіндірді. Отанды сүю иманнан екенін және жасөспірімдерге түрлі кереғар діни ағымдардан сақтану жолдары, тәлім-тәрбиелілік, біліктілік, ата-ананы құрметту сынды тақырыптар төңірегінде сөз қозғап оқушылар көкейіндегі сұрақтарына жауап алды.

Шешім:

1. «Діни экстремизм мен орамал тағудың алдын алу» тренингі қанағаттанарлық деп танылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



К.Доспаева



М.Бекзатова

«№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ

“Ойынқұмарлық – тәуелділік”

(5-11 СЫНЫП)

Мақсаты: Құмар ойындардан келетін қауіп, зияны, оған құныққан адам қоғамнан біртіндеп ажырап, өзгелермен байланыс орнату, тілдесу, тұлға ретінде даму секілді адами қасиеттерін жоя бастайтындығын айту. Лудомания, яғни ойынға тәуелділіктің дүниежүзінде ауру ретінде қарастырылғанын оқушыларға түсіндіру.



Хаттама

Күні: 04.04.2024ж

Қатысқандар: Төлеби АПБ-ның ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Д.Жанабай, педагог-психолог М.Бекзатова, 5-11 сынып оқушылары.

Тақырыбы: «Ойынқұмарлық - тәуелділік»

Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, өз ойын ашық түрде жеткізе білуге үйрету, ұстамдылыққа, мәдениетті сөйлеуге бағыттау, өзіндік пікірін еркін ортаға сала білуге кеңес беру.

Күн тәртібінде:

1. «Ойынқұмарлық - тәуелділік»
2. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша педагог-психолог М.Бекзатова және Төлеби АПБ-ның ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Д.Жанабай құмар ойынға салынған шынайы кейіпкерлердің оқиғасы баяндалады. Құмар ойындардан келетін қауіп үлкен екені талай айтылып жүр. Мұндай ойын түрі заман құбылған сайын түрленіп, зияны да ұлғайып барады. Оған құныққан адам қоғамнан біртіндеп ажырап, өзгелермен байланыс орнату, тілдесу, тұлға ретінде даму секілді адами қасиеттерін жою бастайды. Лудомания, яғни ойынға тәуелділіктің дүниежүзінде ауру ретінде қарастырылып, осыған байланысты арнайы медициналық термин де енгізілді. Жаңа экономикалық жол біздің елімізді өмір сүру жағдайының өзгеруіне ғана емес, сонымен қатар жаңа психологиялық тәуелділіктің пайда болуына алып келді. Ойынға деген құштарлық – бұл ойын деп аталатын психологиялық тәуелділік екенін айтып өтті.

Екінші мәселеде мектеп ДТДЖО К.Доспаева мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттерін таныстыра отырып, буллинг оның ішінде кешкі сағат 22:00 кейін ата-анасыз жүруге, ата-ананың рұқсатынсыз көлік, мотоцикл жүргізуге тиым салынғандығы айтылды. Рейдтік жұмыстар кезінде сағат 22:00 кейін оқушы ата-анасыз жүрсе, ата-анаға салынатын айыппұл көлемімен таныстырды. Оқушы құқығы бұзылған жағдайда 111 сымтетік номеріне хабарласуды немесе сенім жәшігіне ақпар хат тастауға болатынын айтты.

Мектеп психологы *буллинг дегеніміз* – әлеуметтік желі арқылы танысу арқылы қорқыту, зорлық көрсету, психологиялық шабуыл жасау, түрлі суреттер сұрау арқылы ақша талап ету, әсіресе кәмелеттік жасқа толмаған оқушыларға қауіпті екендігін түсіндіріп айтты. М.Бекзатова бейнебаян көрсетіп «қиын жағдайлардан не үйренеміз» жаттығуын жасатты. Оқушылардың ойымен бөлісіп, кеңестер берді.

Шешім:

1. «Ойынқұмарлық - тәуелділік» тақырыбындағы тренинг қанағаттарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың беймезгіл уақытта ата-анасыз жүруге және көлік, мотоцикл жүргізуге тиым салынсын.
3. Буллинг, кибербуллинг түсіндірме жұмыстары жалғасын тапсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

 К.Доспаева

 М.Бекзатова